

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 3 желтоқсандағы N 281 Өкімі
Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 52, 507-құжат; 2001 ж., N 23, 283-құжат; 2006 ж., N 50, 530-құжат; 2008 ж., N 20, 182-құжат; N 30, 292-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Томас Миров - Еуропа Қайта құру және Даму банкінің президенті,

Клаудио Дескальци - "Эни" корпорациясының бас өндірістік директоры, өндіруді барлау бөлімшесінің басшысы,

Шаою Жао - Азия Даму Банкінің вице-президенті;

мына жолдар:

"Блаватник Лен - "Аксесс Индастриз, Инк" компаниясының президенті",

"Булыгин - "Русский алюминий" бірлескен компаниясының Александр Станиславович бас директоры",

"Джордж Киркланд - "Шеврон" корпорациясының барлау және өндіру жөніндегі атқарушы вице-президенті",

"Лакшми Миттал - "АрселорМиттал" компаниясының директорлар кеңесінің президенті, бас жетекшісі",

"Фаузи Кириякос-Саад - "Кредит Суисс Групп" компаниясының Европа, Таяу Шығыс және Африка дамушы елдері бойынша бас атқарушы директоры, басқарушы директоры",

"Фрэнк Кайларс - "ABN AMRO Банк НВ" компаниясының атқарушы вице-президенті, мұнай-газ секторының басқарма бастығы"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Булыгин - "Российский алюминий" бірлескен Александр Станиславович компаниясының бас директоры",

"Джордж Киркланд - "Шеврон" корпорациясының барлау, өндіру және газ жобалары жөніндегі атқарушы вице-президенті",

"Лакшми Миттал - "АрселорМиттал" компаниясының төрағасы және бас жетекшісі",

"Леонард Блаватник - "Access Industries Inc." компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы",

"Фаузи Кириякос-Саад - "Кредит Суисс" компаниясының ТМД, Ресей және Түркия елдері бойынша бас директоры, "Кредит Суисс" компаниясының ЕМЕА (Еуропа, Таяу Шығыс және Африка дамушы нарықтары) елдері бойынша басқарма мүшесі",

"Фрэнк Кайларс - "The Royal Bank of Scotland group plc" компаниясының атқарушы вице-президенті";

көрсетілген Кеңестің құрамынан Джин Личун, Жан Лемьер, Као Стефано шығарылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н.Назарбаев*